

Аралас хормен жүргізілген жұмыстың шығармашылық көзқарасы

Аннотация

Как результат общего музыкального образования в стране и за рубежом, ведущие традиции и направления его развития показывают, что для повышения вокального мастерства в коллективном хоре необходима специальная подготовка учителей музыки. Исполнительское мастерство в ансамбле или конкретном хоровом коллективе играет особую роль в музыкальном и артистическом развитии школьников и студентов. Основная цель учителей - повышение эстетической привлекательности будущих учителей, трудолюбие, ответственность за учебу, формирование их точки зрения и педагогической установки. В экономическом и социальном плане русский, казахский, узбекский, уйгурский народ имеют постоянное взаимодействие, также их культура, особенно музыкальная, имеет творческую связь. Творческая работа преподавателя со студентами разных национальностей состоит из преодоления трудностей, возникающих в процессе выступления хора и ведущего в процессе выступления, творческого общения со студентами и в таких случаях помогают основы педагогических принципов. Каждое замечание руководителя должно определять художественную цель. На наш взгляд, мы должны смело использовать огромный опыт современных форм и методов музыкального образования для достижения целей, и мы не должны игнорировать это.

Annotation

As a result of general music education in the country and abroad, the leading traditions and directions of its development show that in order to improve vocal skills in a collective choir, special training of music teachers is required. Performing skills in an ensemble or a specific choir group plays a special role in the musical and artistic development of schoolchildren and students. The main goal of teachers is to increase the aesthetic appeal of future teachers, hard work, responsibility for learning, the formation of their point of view and pedagogical attitude. Economically and socially, the Russian, Kazakh, Uzbek, Uyghur people have constant interaction, and their culture, especially musical, has a creative connection. The creative work of the teacher with students of different nationalities consists of overcoming the difficulties that arise in the process of the choir and the presenter during the performance, creative communication with students, and in such cases the foundations of pedagogical principles help. Every supervisor's comment should define an artistic purpose. In our opinion, we should boldly use the vast experience of modern forms and methods of music education to achieve the goals, and we should not ignore this.

Елімізде және шет елдерде қалыптасқан жалпы музыкалық тәрбие нәтижесі, оны дамытудың алдыңғы қатарлы дәстүрлері мен бағыттары көрсетіп отырғандай коллективтік хорда ән салудың шеберлігін жетілдіруде музыка пәні мұғалімінің ерекше дайындықтан өтуі аса қажет. Хордың ансамбль немесе белгілі бір хор тобында орындаушылық шеберлігі оқушылар мен студент жастардың музыкалық - көркемөнерлік дамуында ерекше орын алып келеді. Мектеп көркемөнерпаздары, сондай - ақ музыка - педагогикалық факультеттер студенттерінің хор коллективтерімен жұмыстың ерекшелігі тек қана оқу мен «репетициялық» дайындық процестерінің құрылымына байланысты емес, сонымен қатар студенттермен үйірме мүшелерінің орындаушылық дағдысын

қалыптастырудың объективті заңдылықтарына да байланысты. Музыка пәні мұғалімдерінің қызметіндегі және оның жеке кәсіби құрылысындағы модельді қарастыруда академик Б.В.Асафьев былай деп атап көрсетеді: «педагог - музыкант өзінің күнделікті жұмысында орындаушы ретінде, хордың жетекшісі ретінде, музыкалық әдебиетті жақсы білетін әрі оны еркін меңгерген музыка тарихшысы ретінде өзін көрсете білуі тиіс». Яғни, кез - келген сауатты музыкант сияқты, мұғалім музыка әдебиеттерін, музыка тарихын жақсы біліп, музыка тілінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын талдай білуі тиіс. Жалпы білім беретін мектептерде оқушыларға музыкалық тәрбие берудің сынақтан өткен құралы көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысы, оның ішінде коллектив болып орындайтын хорда ән салу немесе ансамбльде ойнау. Хор коллективтерінде ән салу оларды белсенді музыкалық орындаушылыққа баулудың бұқаралық және жеңіл құралдарының бірі болып саналады. Хор ансамбльдерінің мақсаты ең алдымен олардың есту қабілетін, музыкалық талғамын жетілдіру және оларды қоғамның музыкалық өміріне белсенді түрде араласуға дайындау. Олардың негізгі музыкалық дайындығын жетілдіре отырып, қажетті білім кешенімен қаруландыруға, музыка әлеміне кеңінен қатыстырудың бұқаралық құралы ретінде мұндай коллективтерді басқарудың машықтары мен дағдысын игеруге ерекше назар аударуды қажет деп санаймыз. Мұндай хор коллективтерінде әсіресе жастардың көркемөнерге деген ынтасын дамытудың зор мүмкіндіктері бар екендігін байқаймыз. Бізді бәрінен бұрын ойландыратын нәрсе, институттарда педагогикалық әсердің қандай түрлері, элементтері қолданылатынында, не болмаса студенттің жеке басының жалпы даму барысында ұлттық мәдени қатынастың өсу орталығы. Жоғарғы педагогикалық оқу орындарында әртүрлі ұлт өкілдері студенттерін болашақ мамандыққа даярлау барысында, жеке адамның азамат болуына шешуші маңызды нәрсе - оқу жылдары болып есептеледі. Дәл осы уақыт аралықтарында олардың бір - біріне деген талабы, көзқарасы және сенімділігі, принципшілділігі мен қайырымдылығы, адамгершілігі, ұқыптылығы мен кішіпейілділігі артады және тереңдейді.

Қоғамдық бастамаларға, нақты әлеуметтік бағаларға қарасақ ұлттық принципіннің негізінде гуманды педагогикалық мәдени қатынасты маңызды мәселе деп білу қажет. Оларға берілген мәдени тәрбиеде «халықтардың бірлігінің, бірге жұмыс істеуінің, сенім ғалымдарымызды айта кетуімізге болады (А.Б.Бодалев, А.А.Мамедов және т.б. концепция жатыр» деп есептейтін қатынас Қоғамдық - саяси педагогикалық әдебиеттерге жүгінсек, педагогикалық процесінде мәдениетінің тәрбиесі әлеуметтік жағдайда негізінен студенттердің институт факультеттерінің кластан қаралады бұл жағдайда тыс жүргізілетін жұмыстарының оның ішінде, хор топтарының жұмысының әдістері мен формаларына қатысты мәселелер маңызды орын алады. Мұғалімдердің негізгі мақсаты болашақ мұғалімдердің эстетикалық ұнамдылық қасиеттерін, еңбек сүйгіштігін, оқудағы жауапкершілігін арттыру; олардың көзқарасын, педагогикалық қатынасын қалыптастыру болып табылады. Экономикалық және әлеуметтік жағдайда, орыс қазақ, өзбек, ұйғыр т.б. халықтарының үнемі қарым - қатынаста болуы, олардың мәдениетінде, әсіресе музыкалық мәдениетінде творчестволық байланыс бар екендігінде. Оны айқындайтын мысал ретінде орыс қызы Мария Зыкинаның шығарған белгілі әні «Дударай». Дударай Әуеннің авторы көптеген орыс ұйғыр халықтары сияқты қазақтың тілін тамаша білді. Совет өкіметі тұсында оны Мариям Жагорқызы деді. Осы «Дударай» әнінің тақырыбына композитор Е.Б.Брусилковский опера жазды. Сонымен қатар орыс - қазақ халқының музыкалық байланысын нығайтуда дәстүрлік күндер бойынша өтілетін әртүрлі мейрамдардың да

және үлкен маңызды орны болды. Көпұлтты хор топтарында әнінің сөзімен жұмыс кезінде, оның бір ойды білдіретіндігі жайындағы түсінік, әнінің фразалық шектелуі өте маңызды нәрсе. Белгілі дирижер былай деді: «... әндегі сөз, оны толықтыра отырып, тек қана музыкаға бағынбайды, ол оны толықтыра отырып, өзі музыкаға айналады, бірақ музыканы сөздік психологиялық интонациялармен және бояулармен толықтырады, адам демінің жылуымен оны жылытады». Кез келген ұлттың музыкалық мәдениетінің ұлттық қасиет алуы оның ішінде қазақ, орыс, ұйғыр, неміс және т.б. олар көп жақты процесс бола тұра, европаның музыкалық мектептерінің тәжірибесін игерумен шектелмейді. Сонымен қатар ол өз ұлтының республиканың музыкалық мәдениетінің арасында өзара белсенді творчестволық алмасу формасында тікелей бейнеленеді. Екінші жағынан, әрбір ұлттың музыкалық мәдениетінің әкелетін өзіндік күші бар. Сонымен, педагогикалық мәдени қатынас жеке басқа тән идеялар мен көріністер, әдістер мен формалардың, мәдени жұмыстардың түрлерін, өзара әсер ету процесстерін терендету және түрлі ұлт өкілдерінің өзара ықпал ету мақсатында орындалатын жүйелі мәселе деп білеміз.

Студенттерді оқыту кәсіби музыкалық процестің саналы - ғылыми танымының, эмоциянальды ортаның бірлігінде қарастырылады. Эмоциянальды жалпылау негізінде олар музыкалық элементтердің идеялық - мәндік мағынасын ашуды үйренуі керек. Әртүрлі жақта тәжірибе жасауда адам ең бірінші объектімен – біздің жағдайда музыкамен сезімдік кездесу жасайды. Тәжірибе бұл кездесулерден рухани толықтылық тауып, адам санасына әсер етеді. «Музыкада ешнәрсе дыбыстанудың тәжірибесінсіз болмайды. Сондықтан ешқандай анықтама абстрактіден, музыкалық материалдан тыс туа алмайды, тек нақты дыбыстануды сезінуден пайда болады» - деп айтты Б.В.Асафьев. Хор коллективтерінде сөйлеу техникасың біз дем алуға арналған қарапайым техникалық әдістерден дыбыстану және дикция автоматты дағдыға айналған дәрежеде студентке сөйлеу әсері мен педагогикалық қызметінде үлкен пайдалылық әкелген дәрежесіне дейін тани аламыз. Дамыған ән айту өнері, жолға қойылған дикция әрбір айтылған әнге мәнерлілік беріп, тіпті де кішкентай ғана сезім оттары мен ой елестері айқын көрінін тұрады. Дем алу процесі — күрделі динамикалық процесс, онда дем алудың техникасының барлық элементтері өзара байланыста болып келеді. Тәжірибелі музыка жетекшісі көпұлтты хор коллективтерінде ән салудың әдістерін үйрету кезінде өз тәжірибелерінің оқу процесіне саналы қарым - қатынасын қалыптастырады. Студент ынтасы оқу материалының бірте - бірте күрделенуіне, яғни жаңа материалдың өткен сабақтар негізіне құрылуына қарай, олардың бұрын игерген білімі мен дағдысына негізделуі керек. Кез келген мамандық ең алдымен бұрыннан қалыптасқан білім мен тәжірибеге, дағдыға негізделеді. Сондықтан икемділік адам бойына қалыптасқан дағдыны әрі қарай дамыту қабілетіне байланысты. Дағды – қалыптасқан белгілі бір іс - қимылды ешқандай кедергісіз, мүлтіксіз қайталай білу деген сөз. Адамның музыкалық есту қабілеті музыкалық бейнелерді қабылдау арқылы дамитыны белгілі. Орындаушы музыканттың қалыптасуына музыкалық материалды көркемдік ой - елегінен өткізіп барып игеру және орындау ерекше орын алады. Түрлі ұлт өкілдерінің орындаушылық дағдысы қалыптаспаған алғашқы кезеңде оның дыбыс органдары қызметін, олардың ән салу дағдысын кеңінен пайдаланғаны жөн. Соның арқасында ол музыкалық орындаушылық процеске белсенді түрде қатыса алады, өзінің табиғи музыкалық мүмкіндігін кеңінен өрістетеді. Мысалы алатын болсақ, түрлі ұлт өкілдері студенттерін хорда ән салуға үйрете отырып, біз олардың мінез - құлқын жан - жағынан зерттейміз, әнге қоса музыка

аспабында фортепиано ойнауға үйретеміз, творчестволық қиялын тәрбиелейміз . Бұл олардың оқудың алғашқы кезеңінде көпұлтты студенттердің хор тобымен Қиыншылықтарды жеңуге көмектеседі. Жұмыс барысында кездесетін кейбір көпұлтты студенттерді ән салуға үйрету, шығарманың көркемдік бейнесін ашу музыкалық орындаушылық дағдыны қалыптастыруда ерекше орын алады, олардың есту, қабылдау ерекшелігіне қарай орындаушылық шеберлігін қалыптастырады. Хор коллективтері жұмысын сараптай келе, олардың арасында музыка училищелерін бітірген жастардың да бар екендігін айтуымыз керек. Бұл бізге түрлі ұлт өкілдерінің арасынан бір бағытты көздеген хор тобын ұйымдастыруымызға мүмкіндік береді. Түрлі ұлт өкілдерінен құралған студенттердің хор тобы мен жетекшінің жемісті жұмыс істеуіне орындау процесі кезінде кездесетін қиындықтарды жеңуді педагогикалық принцип негізінде жүргізу, әрбір студентпен тіл табыса біліп, жеке қарым - қатынасқа құрылған тәрбиеленушілермен творчестволық қарым - қатынасы да көмектеседі. Жетекшінің әрбір ескертуі көркемдік мақсатты анықтау тиіс. Жұмыста белгілі бір творчестволық сатыны аяқтай келе, орындаушылықтың сапалы деңгейіне жетуде барлық шараларды іске асыра отырып, жетекші хордың белгілі мүмкіндіктерін де сезінуі тиіс. Осының нәтижесінде біріккен іс қимылдың қанағаттанғандық сезім пайда болады. Хормен жұмыс кезінде жетекшінің қимылмен, мимикамен қатынас жүргізумен қатар, сөзбен түсіндіру, әңгіме түріндегі әдістерді де пайдаланады. Бұл дайындық кезінде дирижерлік қимыл әрекеттерге еш зиянын тигізбейді. Егер жетекшінің ауызша түсіндірмесі орындалып жатқан музыкалық шығарма ерекшелігін аша түсумен тығыз байланыста болса, онда дайындық шығарманың көркемдік идеясын, мазмұнын ашу үшін әншілер орындап отырған шығарманың әрбір бөлігі музыканың ерекшелігі мен стилінен туындап жатқандығына олардың көзін жеткізу керек. Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, әннің ерекшеліктерін терең түсінетін музыкантта әр уақытта ритмдік сезім де болу керек, ол болмаса оның мәнмағынасы да, сезімдік әсері де, түрі де болмайды. Коллектив мүшелері барлығы бірлесе отырып, жариялы түрде оқу барысындағы қиыншылықтарды жеңуге ат салысса ғана жұмыс нәтижелі болады деп есептейміз. Біздің ойымызша, келелі міндеттерді жүзеге асыру үшін музыкалық білім берудің қазіргі замандағы қалыптасқан түрлері мен әдістерінің мол тәжірибесін батыл қолдануымыз қажет, мұны біз назардан тыс қалдырмауымыз керек.

Қолданған әдебиеттер:

Ән-күй пәнінің мұғалімінің дайындауының кейбір мәселелері / Методические рекомендации. - А., 1997

Музыкальное образование: проблемы и перспективы/ материалы Международной научно-практической конференции. - А., 2001

Дирижерско-хоровая специализация учителя музыки/Сборник научно-методических заявок. - А., 1998

Музыкальное образование в Казахстане. / Учебное пособие для студентов Вуза. Выпуск II - А., 2006